

Бекітемін: 
 «Маржан-Ана» 6/б
 менгерушісі С.Т.Шиналиева
 29.08.2025 ж.

Әдістемелік жұмыс
 Әдістемелік кеңес

№	Жұмыстың мазмұны	Өткізу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1.	№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы . 1.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау ,педагогтардың құжаттарды талапақа сай толтырулары: -перспективалық жоспар,циклограмма,мониторинг; -өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; -портфолио жинақтау. 2.Өзара ҰІӨ –ге қатынасу,тәжірибе алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі. 3.Жаңадан келген балалардың бейімделуі. 4.Ата-аналармен жұмыс. 5.Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологиялары.	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер Б.Бейсенбаева Әдіскер Б.Бейсенбаева Топ тәрбиешілері Әдіскер Б.Бейсенбаева Әдіскер Б.Бейсенбаева
2.	№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы. 1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы. 2.Нейрожелілермен жұмыс жасау. 3.CHAT QRT Quiver қосымшаларында қалай жұмыс жасауға болады?	Қараша	Хаттама	Менгеруші Әдіскер Б.Бейсенбаева Әдіскер Б .Бейсенбаева
3	№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы. 1.Балалардың даму деңгейін талдау. 2.Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекі-құралдар жинақтау,ұсыну. 3.Тәрбиенушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау. 4.Өр-түрлі мәселелер.	Ақпан	Хаттама	Әдіскер, әдістемелік кеңес мүшелері
4	№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы. 1.Откен әдістемелік кенесінің шешімі туралы. 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп. 3.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп.2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негнзгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика). 4. «Керемет топ» сайысының қорытындысын шығару. 5. «Жыл тәрбиешісі-2025» қорытындысы. 6.Мамандар жұмысын талдау.	Мамыр	Хаттама	Әдіскер, әдістемелік кеңес мүшелері

III.Әдістемелік жұмыс

3.1.Әдістемелік кеңес

№	Жұмыстың мазмұны	Өткізу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1.	№ 1 әдістемелік кеңестің отырысы . 1.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау ,педагогтардың құжаттарды талапақа сай толтырулары: -перспективалық жоспар,циклограмма,мониторинг; -өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; -портфолио жинақтау. 2.Өзара ҰІӨ –ге қатынасу,тәжірибе алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі. 3.Жаңадан келген балалардың бейімделуі. 4.Ата-аналармен жұмыс. 5.Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологиялары.	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер Б.Бейсенбаева Әдіскер Б.Бейсенбаева Топ тәрбиешілері Әдіскер Б.Бейсенбаева Әдіскер Б.Бейсенбаева
2.	№ 2 әдістемелік кеңестің отырысы. 1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы. 2.Нейрожелілермен жұмыс жасау. 3.CHAT QRT Quiver қосымшаларында қалай жұмыс жасауға болады?	Қараша	Хаттама	Менгеруші Әдіскер Б.Бейсенбаева Әдіскер Б .Бейсенбаева
3	№ 3 әдістемелік кеңестің отырысы. 1.Балалардың даму деңгейін талдау. 2.Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекі-құралдар жинақтау,ұсыну. 3.Тәрбиенушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау. 4.Өр-түрлі мәселелер.	Ақпан	Хаттама	Әдіскер, әдістемелік кеңес мүшелері
4	№ 4 әдістемелік кеңестің отырысы. 1.Откен әдістемелік кенесінің шешімі туралы. 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп. 3.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп.2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негнізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика). 4. «Керемет топ» сайысының қорытындысын шығару. 5. «Жыл тәрбиешісі-2025» қорытындысы. 6.Мамандар жұмысын талдау. 7.Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 8.Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.	Мамыр	Хаттама	Әдіскер, әдістемелік кеңес мүшелері

«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

2024-2025 оқу жылының № 1 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Педагогикалық қызмет барысында тәрбиенушілерге жүйелі білім беру»

Өткізген күні: 10.09.2024 ж.

Қатысқан: 7 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - портфолио жинақтау.
2. «Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі». Кеңес.
3. Бақшаға жаңадан келген балалардың бейімделуі.
4. Ата-аналармен жұмыс.
5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологиялары.
6. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындық бойынша қорытынды жасалды, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары – перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарының тапсырылуы бойынша анықтама жасалды, топтардағы құжаттарды дұрыс толтыруға бірнеше кеңестер берілді. Әр педагогтің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспары талқыланды, тақырыптары бойынша жоспарлы жұмыс жасауды тапсырды. Күзгі аттестацияға баратын педагогтерге портфолио жинақтау тапсырылды. Педагогтарға құжаттарды талапқа сай толтырулары бойынша бірнеше кеңестер ұсыңылды.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева «Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі» тақырыбында педагогтың кәсіби өсуін тиімді ету үшін бірнеше кеңестер берілді. Өзара тәжірибе алмасу үшін семинарлармен, тренингтер, коучинг және мониторинг, ұжымдық іс-әрекет, өзіндік даму, әлеуметтік желілерде әріптестермен байланыста болу.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша бақша меңгерушісінің м.у.а. кіші топ тәрбиешілерінен балалардың балабақшаға бейімделуіне байланысты есеп

алды.Балаларды бақшаға тез бейімдеу үшін бірнеше ұсыныстар мен кеңестер берді.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен жиналыстарды уақытында және дәстүрден тыс форматтарда өткізіп отыруды тапсырды.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева «Жасанды интеллект технологиялары балалар дамуы үшін қалай әсер ете алады?» тақырыбында бөбекжай әдіскері педагогтерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді.www.filki.ai нейрожелісімен жасалынған видеоматериалдарды көрсетіп,флики ай нейрожелісінде жұмыс жасауды практика ретінде көрсетті,әр педагог өз беттерінше аталған нейрожеліде жұмыс жасап,өз нәтижелерімен бөлісті.

«Мнемотехника әдісін нейрожелілерде қалай қолданамыз?» тақырыбы аясында www.recraft.ai нейрожелісімен таныстырды.Бұл нерожелі көмегімен балаларға коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған мнемокестелер жасауға болатынын көрсетті,мақал-мәтелдер,өлең жолдары,жұмбақтар,жаңылтпаштарды мнемокестелерге түсіруді үйретті.Педагогтер өздері де практика бөлімінде өз мнемокестелерін құрып,өзара жасаған кестелеріне талқылау жүргізді.

Ән шығаратын нейрожеліде жұмыс жасаймыз тақырыбында www.sunpo.ai нейрожелісінде ән шығаруды үйретті.Педагогтер өздері шығарған әнді бірге орындады,алдағы уақытта мерекелерде осы ән шығаруға арналған нейрожелілер түрлерін күнделікті қолдана алатындай тәжірибе алысты.

Өткізілген әдістемелік кеңес аясында педагогтер жасанды интеллект технологияларын қолданудағы тиімді және қиын болған сәттерінен алған әсерлерімен бөлісті,алдағы уақыттарда да жүйелі түрде жұмыстар атқарамыз деп мақсат қойды.

№1 әдістемелік кеңестің шешімі:

1.2024-2025 оқу жылы цифрлық технологияларды басшылыққа алып жұмыс жасау тапсырылсын.

Мерзімі:жыл бойы.

2.Өзіндік білім көтеру тақырыптарының жоспарын жүйелеу,өзара тәжірибе алмасу.

Мерзімі:үнемі.

3.2024-2024 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты:әдіскер,барлық топ тәрбиешілері.

4.Жасанды интеллект технологиясымен жұмыс жасау қарқын алсын,нейрожелілердің түрлерін жан-жақты үйрету.

Мерзімі:әр апта сайын.

Жауапты:әдіскер.

5.Цифрлық технологиялармен жұмыс жасалсын.

Мерзімі:жыл бойы.

Жауапты:барлық педагогтар.

Төрайым

Хатшы:



Т.Шиналиева

О.Оспанова

«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

2024-2025 оқу жылының № 2 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесі»

Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Өткізген күні: 15.11.2024 ж.

Қатысқан: 9 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы.
2. Нейрожелілермен жұмыс жасау.
3. CHAT GPT, Quiver қосымшаларында қалай жұмыс жасауға болады? Шебер сынып.
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Т.Шиналиева №1 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдер бойынша қорытынды жасады. Жасанды интеллект технологияларын басшылыққа алып жұмыс жасау ары қарай қарқын алынсын, ары қарай нейрожелілердің түрлерін үйрену жалғастырылсын деп отырыс шешімінің орындалуын өте жақсы деп бағалады.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша бақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева нейрожелілермен жұмыс жасаудың тиімділігіне тоқтады. Нейрожелі (нейрондық желі) - бұл адамның миындағы нейрондардың жұмыс істеу принципіне ұқсас жұмыс істейтін жасанды интеллекттің бір түрі. Нейрожелілер мәліметтерді өңдеу, тану және болжау үшін қолданылады. Оларды қолдану арқылы күрделі мәселелерді шешуге болады. Нейрожелілер қазіргі заманғы жасанды интеллекттің маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Олар көптеген салаларда қолданылады. Мысалы: медицина, қаржы, білім беру және т.б.

Мектепке дейінгі мекемелерде нейрожелілерді қолдану арқылы балалардың оқу процесін жақсартуға болады. Нейрожелілер әр баланың жеке қажеттіліктеріне бейімделіп, оларды тиімді оқытуға көмектеседі. Нейрожелілермен жұмыс жасау - бұл қызықты әрі маңызды бағыт. Оларды қолдану арқылы көптеген мәселелерді шешуге болатының ерекше атап өтті.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша бақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева «CHAT GPT, Quiver қосымшаларында қалай жұмыс жасауға болады?» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. CHAT GPT - бізге ақпарат беретін, ерекше қабілеті

бар,сіз білдіңіз бе?Бұл тек ақпарат беретін чат емес,бізге иллюстрациялар да салып береді.Қосымшаға кіріп, иллюстрация жасап үйренеміз деп,қалай сурет салуға болатынын көрсетті,әрбір педагогпен жеке жүріп,үйреніп алуларын қадағалады.Педагогтерге нейрожелімен жұмыс жасауды дұрыс запрос,яғни керекті суретті дұрыс сөйлеммен сурауды үйретті.Нейрожелілермен салынған суреттер өте сапалы әрі қайталанбай бірегей болып шығатынын ескертті.Келесі нейрожелі Quiver қосымшасымен таныстырды.Бұл нейрожелі арқылы берілген шаблон суреттерден 3Д объектілер жасауға болатыны көрсетілді.Нейрожеліге кіріп қалай жұмыс жасалынатыны туралы толық ақпарат берілді және бірге қосымшада барлық педагог жұмыс жасап көрді.Шеберлік сағат нәтижесінде барлық педагогтер тағы бір нейрожелі түрімен танысып қоймай,өздері жұмыс жасауды толық үйренді.

Өткізілген әдістемелік кеңес аясында педагогтер жасанды интеллект технологияларын қолданудағы тиімді және қиын болған сәттерінен алған әсерлерімен бөлісті,алдағы уақыттарда да жүйелі түрде жұмыстар атқарамыз деп мақсат қойды.

№2 әдістемелік кеңестің шешімі:

1.Видеомонтаждау кезінде нейрожелілермен жұмыс жасау,фон музыкасымен иллюстрацияларды нейрожелі көмегімен жасалсын.

Мерзімі:үнемі.

2.Нейрожелілермен жұмыс жасауда балалардың жас ерекшелігі ескерілсін.

Мерзімі:үнемі.

Жауапты:әдіскер,барлық топ тәрбиешілері.

3.Жасанды интеллект технологиясымен жұмыс жасау қарқын алсын,нейрожелілердің түрлерін жан-жақты үйренсін.

Мерзімі:әр апта сайын.

Жауапты:әдіскер.

4.Цифрлық технологиялармен жүйелі жұмыс жасалсын,сұрақтары бойынша әдіскермен тығыз байланыс жасалсын.

Мерзімі:жыл бойы.

Жауапты:барлық педагогтер.

Төрайымы
Хатшы:



Шиналиева
Оспанова

«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

2024-2025 оқу жылының № 3 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжайда балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамыту».

Мақсаты:Болашақ ұрпақты халық қазынасымен сусындату арқылы балалардың дүниетанымын қазақ этнопедагогикасы арқылы қалыптастыру,дамыту.

Өткізілген күні: 12.02.2025 ж.

Қатысқан: 9 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде:

1.№ 2 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы.

2.«Бөбекжайда балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамытуда жасанды интеллекті қалай қолдануға болады?» баяндамасы.

Баяндамашы:әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

3.2024-2025 оқу жылы I жартыжылдық балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама(диагностика).

Баяндамашы:әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

4. «Педагогтердің эмоциялық жай-күйі» психологиялық тренинг.

Өткізуші:педагог-психолог Баимбетова М.С.

5..Әр-түрлі мәселелер.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша № 2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер баяндама жасады.Алдыңғы кеңесте қабылданған шешімдер талқыланып,олардың жүзеге асыралу деңгейі тексерілді.

Шешімдер:

Мерзімі: жыл бойы.

1.Видеомонтаждау кезінде нейрожелілермен жұмыс жасау,фон,музыкасы мен иллюстрацияларды нейрожелі көмегімен жасалсын.

Мерзімі:үнемі.

2.Нейрожелілермен жұмыс жасауда балалардың жас ерекшелігі ескертілсін.

Мерзімі:үнемі.

Жауапты:әдіскер,барлық топ тәрбиешілері.

3.Жасанды интеллект технологиясымен жұмыс жасау қарқын алсын,нейрожелілердің түрлерін жан-жақты үйренсін.

Мерзімі:әр апта сайын.

Жауапты:әдіскер.

4.Цифрлық технологиялармен жүйелі жұмыс жасалсын,сұрақтары бойынша әдіскермен тығыз байланыс жасалсын.

Мерзімі: жыл бойы.

Жауапты: барлық педагогтер.

Қабылданған шешімдерге балабақша меңгерушісі С.Т.Шиналиева оң бағасын берді.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева «Бөбекжайда балалардың ой-өрісін этномәдениет арқылы дамытуда жасанды интеллекті қалай қолдануға болады?» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамасында төмендегідей мәселелер қозғалды:

-Жасанды интеллект құралдарының(виртуалды шындық,чат-боттар,аудиовизуалды материалдар) балалардың ойлау қабілетін дамытуға ықпалы.

-Этномәдениет элементтерді енгізу арқылы балалардың ұлттық танымын арттыру жолдары.

-Балабақшада цифрлық технологияларды қолдану тәжірибелері.

Қатысушылар баяндаманы талқылап,пікір алмасты.

Қабылданған шешім:

-Педагогтерге жасанды интеллект мүмкіндіктерін зерттеу және оқу процесінде пайдалану ұсынылсын.

-Этномәдениет материалдарды цифрлық құралдар арқылы еггізу тәсілдері қарастырылсын.

Жауапты:әдіскерлер,педагогтер.

Орындау мерзімі: 2024-2025 оқу жылы.

Тындалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева 2024-2025 оқу жылы І жартыжылдығындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша жүргізілген сараптаманың(диагностиканың) қорытындыларымен таныстырды.

Диагностикалық талдау төмендегі нәтижелерді көрсетті:

-Балалардың танымдық,коммуникативтік және шығармашылық дағдыларының деңгейі.

-Негізгі құзыреттіліктер бойынша жетістіктер мен кемшіліктер.

-Әр топтағы балалардың даму динамикасы.

Қатысушылар нәтижелерді талқылап,ұсыныстарын білдірді.

Қабылданған шешім:

-Әр педагог өз тобы бойынша балалардың құзыреттілік деңгейін көтеру бойынша жеке жұмыс жоспарын әзірлесін.

-Кемшіліктерді жою үшін қосымша әдістемелік ұсыныстар енгізілсін.

-Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып,балалардың дамуын қолдау жұмыстары күшейтілсін.

Жауапты:әдіскерлер,педагогтер.

Орындау мерзімі: 2025 жылдың II жартыжылдығы.

Тындалды:

Төртінші мәселе бойынша педагог-психолог М.С.Баимбетова «Педагогтердің эмоциялық жай-күйі» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Тренинг барысында:

- Педагогтердің эмоционалдық күйін реттеу жолдары.
 - Кәсіби күйзелісті жеңу тәсілдері.
 - Командалық жұмыс пен мотивацияны арттыру әдістері қарастырылды.
- Қатысушылар белсенді қатысып, кері байланыс берді.

Қабылданған шешім:

- Әр педагог өз жұмысында эмоционалдық денсаулықты сақтау әдістерін қолдансын.
- Психолог тарапынан тұрақты түрде қолдау көрсетілсін.

Жауапты: педагогтер, психолог.

Орындау мерзімі: тұрақты түрде.

Тындалды:

Бесінші мәселе бойынша қатысушылар өзекті мәселелерді талқылады:

- Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курстарына қатысу.
- Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін жетілдіру.
- Балалардың оқу жетістіктерін арттыру шаралары.

Қабылданған шешім:

- Педагогтер кәсіби дамуға арналған курстарға жазылсын.
- Әдіскер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін.

Жауапты: әдіскер, педагогтер.

Орындау мерзімі: 2025 жыл.

Төрайым: С.Т.Ииналиева
Хатшы: Д.С.Сепанова



«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

2024-2025 оқу жылының №4 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Күні: 27 мамыр 2025 жыл

Уақыты: 13.00

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылының қорытындысы»

Мақсаты:

Оқу жылындағы тәрбие-білім беру процесінің нәтижесін қорытындылау, педагогтер мен мамандардың кәсіби жетістіктерін саралау, келесі жылға нақты ұсыныстар қалыптастыру.

Қатысқандар:

- Меңгеруші – С.Т.Шиналиева
- Әдіскер – Б.Ж.Бейсенбаева
- Барлық топ тәрбиешілері
- Психолог, музыка жетекшісі

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы.
- 2.Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп.
- 3.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
- 4.«Керемет топ» сайысының қорытындысын шығару.
5. «Жыл тәрбиешісі – 2025» қорытындысы.
6. Мамандар жұмысын талдау.
7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.
- 8..Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Баяндамашы: Меңгеруші С.Т.Шиналиева

№3 әдістемелік сағаттың қабылданған шешімі:

- Педагогтер кәсіби дамуға арналған курстарға жазылсын.
- Әдіскерлер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін. Жауапты: әдіскер, педагогтер.

- Әдіскерлер оқу бағдарламаларына қосымша әдістемелік материалдар әзірлесін. Жауапты: әдіскер, педагогтер.

Алдыңғы кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды. Ашық сабақтар, бірлесе өткізілген іс-шаралар, әдістемелік көмек көрсетудің тиімділігі бағаланды. Шешімдердің 95%-ы уақытында және сапалы орындалғаны атап өтілді

2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп.

Баяндамашылар: Барлық топ тәрбиешілер

Жетекшілік: Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізілген білім беру іс-әрекеттерінің нәтижесін таныстырды. Ашық іс-шаралар, педагогикалық жобалар, ата-анамен жұмыс, инновациялық әдістер қолдану деңгейі талданды. Қорытынды: барлық тәрбиешілердің кәсіби белсенділігі жоғары, балалардың танымдық, әлеуметтік және сөйлеу дағдыларында оң динамика байқалған.

3. 2025 жылғы мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика).

Баяндамашы: Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

5 құзыреттілік бағыты бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды:

1. Коммуникативтік
2. Танымдық
3. Әлеуметтік
4. Эмоционалды
5. Дене белсенділігі

Диагностика нәтижесі бойынша 72% баланың күтілетін деңгейге жеткені анықталды. Мектепалды топтарда мектепке дайындық деңгейі жақсы.

4. «Керемет топ» сайысының қорытындысы.

Баяндамашы: Әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

Сайыс нәтижесі критерийлер бойынша бағаланды (креативтілік, тәрбиешінің шеберлігі, балалардың белсенділігі, ата-анамен байланыс).

Жеңімпаз: «Нұр» тобы. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар тапсырылатыны хабарланды.

5. «Жыл тәрбиешісі – 2025» қорытындысы

Баяндамашы: Меңгеруші С.Т.Шиналиева

Ашық сабақтар, портфолио, әдістемелік әзірлемелер, шығармашылық белсенділік сараланып, әділ бағалау жүргізілді. **Жеңімпаз:** Оспанова Диляра

6. Мамандар жұмысының талдауы (музыка жетекшісі, психолог).

Баяндамашылар: мамандар өздері

Балалардың музыкалық-эстетикалық дамуы мен физикалық белсенділігі тұрақты назарда. Психолог балалардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға бағытталған жаттығулар өткізді. Әр маман жазғы кезеңге арналған жеке жұмыс жоспарын ұсынды.

7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.

Жетекшілік: Меңгеруші мен әдіскер

Педагогтерге 2025–2026 оқу жылындағы аттестациядан өту тәртібі түсіндірілді. Өтініш беру мерзімі: қыркүйекке дейін. Құжаттарды жинақтау жөнінде кеңес берілді.

8. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.

Баяндамашы: Меңгеруші С.Т.Шиналиева және әдіскер Б.Ж.Бейсенбаева

Серуен, ойын, спорттық шаралар, суды үнемді пайдалану, ауа райына сай бейімделген сценарийлер ұсынылды. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жауапты тұлғалар анықталып, тізім жасалды.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. Әдістемелік кеңесте көтерілген барлық мәселелер толық қаралды.
2. Педагогтердің және мамандардың жылдық жұмысы оң нәтиже берді.
3. Диагностика нәтижелері келесі оқу жылындағы жоспарлауға негіз ретінде алынсын.
4. «Керемет топ» және «Жыл тәрбиешісі» жеңімпаздары марапатталсын.
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі толықтырылып, құжат дайындау басталсын.
6. Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітіліп, орындалуы бақылауға алынсын.

Бақша меңгерушісі:
Хатшы:



С.Т.Шиналиева
Д.О.Оспанова